

## «Тұлпар» кіші тобында өткен кіріспе ата-аналар жиналысының Хаттамасы

Өткізілген күні: «\_30\_»\_07\_\_2025 ж.

Кіші топ «Тұлпар»

Меңгеруші: Керимбекова Г.Б.

Әдіскер: Каюмова К.Р.

Медбике: Жолжаксинова Л.К.

Тәрбиешілер: Курманалина А.Ж., Кашина Т.В.

Жиналыстың тақырыбы: «Таныс болайық»

Мақсаты: Ата-аналар мен педагогтер арасында өзара байланыс орнату.

Міндеттері:

- Балалардың мектепке дейінгі ұйымға бейімделу ерекшеліктерімен таныстырып, тиісті ұсыныстар беру;
- Тәрбиелік және білім беру жұмысының мазмұнымен ата-аналарды таныстыру;
- Ата-аналардың педагогикалық білімге деген қызығушылығын ояту.

Жиналыс барысы:

### 1. Кіріспе бөлім

Тыңдалды: Мекеме меңгерушісі Керимбекова Г.Б.

Ол ата-аналарды жиналысқа келгендері үшін жылы қарсы алып, тәрбиешілер мен ата-аналардың ынтымақтастығының бала тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар, «Таныс болайық» атты кездесуіміздің мәніне сай, ата-аналардың бір-бірімен танысуына мүмкіндік беру қажеттігі айтылды.

Ата-аналарға арналған шағын ойын ұйымдастырылды:

- Алдымен бір-біріне қарамай, күлімдемей топ ішінде еркін жүру;
- Кейін бір-біріне қарап, күлімдеп амандаса жүріп жүру.

Соңында тәрбиеші: «Қай кезде өзіңізді жайлы сезіндіңіз?» деп сұрады. Содан соң ата-аналар өздерін және баласының есімін айтып таныстырды.

### 2. Топ ережелерімен таныстыру

- топта 25 белсенді, дарынды, ерекше бала тәрбиеленуде;
- жұмыс уақыты: 07:30-дан 18:00-ге дейін;
- балаларды таңғы 08:20-ға дейін әкелу сұралады, себебі бұл уақытта

таңғы гимнастика өтеді;

- баламен бірге бала бақшаға сағыз, сору кәмпиттер, чипсы және сухариктер әкелмеу сұралады;

- бала бақшаға келмеген жағдайда, себептері туралы уақтылы хабарлау қажет;

- ауырып қалған жағдайда, дереу хабарлау маңызды.

### 3. Баланың бейімделу кезеңі туралы ақпарат

- 2 жас шамасындағы баланың мектепке дейінгі ұйымға келуі оның өмірінде елеулі өзгерістермен байланысты: күн тәртібі, ата-анасыз ұзақ болу,

жаңа ережелер мен талаптар, әлеуметтік орта және жаңа қарым-қатынас үлгілері.

- Бұл жағдайлар балаға стресс тудыруы мүмкін, нәтижесінде – жылау, қорқу, тамақтан бас тарту, жиі сырқаттану сияқты белгілер байқалуы ықтимал.

- Ата-аналарға бұл кезеңде сабырлы болу, баланың жаңа ортаға үйренуін кезең-кезеңімен ұйымдастыру ұсынылады.

- Алғашқы күндері баланы тек бірнеше сағатқа қалдырып, біртіндеп уақытты ұзарта отырып толық күн тәртібіне көшіру ұсынылады.

- Үй жағдайында баланы балабақша режиміне бейімдеу қажет (ұйықтау, тұру, тамақтану уақыты).

- Балаға арналған ертегілер оқу, балабақшаға барған қоян/мысық туралы қызықты оқиғалар айту арқылы бейімдеуді жеңілдетуге болады.

- Бала балабақшада жақсы уақыт өткізгені үшін мақтап отыру маңызды.

#### 4. Ағымдағы мәселелер:

- Балабақша үшін төлемдердің уақтылы жүргізілуі;

- Ата-аналар сұранысы бойынша жеке кеңес беру мүмкіндігі.

- Бала демалысы.

- Жылына 40 күннен артық себепсіз балабақшаны өткізіп жіберу туралы әңгіме.

Меңгеруші:



Г.Б.Керимбекова

Хатшы:



А.Ж.Курманалина